

Ақтөбе қаласы білім бөлімі
«Әдістемелік кабинет» КММ
МКҚК №39 «Достық» балабақшасы

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2021 жылғы «17» 09
№ 277 бұйрығымен
БЕКТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Әдептілік - әдемілік»
(Мектепалды даярлық тобына арналған)



Бағдарламаның негізі: «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу тәрбие үрдісіне «әдептілік» туралы сабақ енгізу әдістемелік нұсқаулығын («Бөбек» Алматы, 2010) негізге ала отырып, «Әдептілік - әдемілік» бағдарламасы мектепалды даярлық (5-6 жас) тобының балаларына арналып құрастырылған.

Құрастырған: Мандыбаева Жансая Қуанышқалиқызы, тәрбиеші

МКҚК №39 «Достық» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Әдептілік - әдемілік» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«31» «08» 2021 ж

№39 «Достық» балабақшасының меңгерушісі А. Ж. Уркимбаева



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Әдептілік - әдемілік» бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1

«17» 09 2021 ж.

Сараптау комиссиясының төрайымы: М.О.Қосымбаева



**МКҚК №39 «Достық» балабақшасының тәрбиешісі
Мандыбаева Жансая Қуанышқалиқызының
«Әдептілік - әдемілік» бағдарламасына**

Пікір

Әдептілік қағидалары – мінез-құлық нормасы болып табылады. Әдепті болу үшін өзінді-өзің ойша болсада басқа адамдардың орнына қоя білуің керек. Әдеп арқылы жеке адамның адамдар арасындағы қадір-қасиеті арта түседі. Ол елге осылайша сыйлы болады. «Адам – әдебімен көрікті» деген халық даналығы босқа айтылмаса керек. Осы тұрғыдан алғанда әр азаматтың өзін-өзі жас ұрпақ алдында жақсы, ұнамды әдебі жағынан көрсете білуге ұмтылып, оны жақсылыққа, адамгершіліктің жоғары қасиеттеріне баулу, болашағымызға сенімді болу деген сөз.

Бұл бағдарламаның негізгі бағыты балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, айналасындағы адамдарға мейірім шуағын шашуға үйрету. Туыстық әдептілік – туысқан арасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауға тәрбиелеу, балаларды әдептілікке үйрету. Туыс адамдар бір-біріне сыйластықпен қарау керек, себебі олардың арасындағы қатынас бүкіл сол отбасының қатынасының айғағы деп есептеледі. Олар бір-біріне кешірімшіл, бір-бірінің қателерін түзеп, дұрыс бағыт сілтеуші болулары керек. Үлкені кішісін, кішісі үлкендеріне әдептілік танытып, сыйластық қатынасын көрсету керек.

Ұсынылып отырған бағдарлама мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу тәрбие үрдісіне мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілеріне арналып құрастырылған. «Әдептілік - әдемілік» бағдарламасында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларға әдептілікті сақтап, әлемнің әдемілігін сезінуге дағдыландыру қарастырылған. Бала өзі көріп, өсіп келе жатқан ортадан тек жақсы қасиеттерді ғана бойына сіңіріп, қоршаған ортада өзін дұрыс ұстай білуі керек. Ол үшін балаларды ерте жастан әдептілікке үйрете отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде кішіпейілдікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп жаман қасиеттерден жирену сезімін дамытуымыз қажет.

Әдептілік барлық адамға жарасатын қасиет. Бұл адамның бала жасынан алған тәрбиесіне, өскен ортасына, төңіректегі адамдардың қарым-қатынасына байланысты қалыптасады.

**Пікір беруші, педагогика ғылымдарының
кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің доценті:**



С.Е.Досжанова

Түсінік хат

№39 «Достық» балабақшасының тәрбиешісі Ж.Қ. Мандыбаева «Әдептілік - әдемілік» бағдарламасы /5-6/ мектепалды даярлық тобына арналып құрастырылған.

Әдептілік - адам бойындағы жағымды қасиет. «Әдептілік - әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы». Жақсы әдет, жақсылық жасау бұл қай жерде болмасын - өнеге, өсиет. Сондықтанда, біз бойымызға жақсы қасиеттерді жинап, жаман әдетті жоюымыз керек.

Бағдарламаның мақсаты: Балалар үлкендерге құрмет көрсетіп, туыстық қатынастың маңыздылығын әңгімелеп, түсіндіре алады. Айналасындағы адамдарға әдептілік, адалдыққа, ізеттілік, мейірімділік, бауырмалдық қасиеттерін көрсетіп, жақсы қарым-қатынас орната алады. Күн тәртібін, жеке бас тазалығын сақтау ережесін орындайды.

Бағдарламалық мазмұны: Бұл бағдарлама жақсылыққа жол ұстап, жамандықтан арылуға бағыттайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды жақсы әдеттерге тәрбиелеп, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстауға тәрбиелейді. Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайым-кішіпейілділікті үлкендер ғана үйретіп қоймай, осындай бағдарлама арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бойына осы қасиеттерді қалыптастыру қажет. Адам болатын бала – барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез-әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек. Сонымен қатар, адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. «Әдеп», «әдемілік» туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, әдептілік пен мәдениетін дамыту;
- балаларды интеллектуалдық және эмоционалдық, физикалық тұрғыдан денсаулығын нығайтуға жағдай жасау;
- әдептілікке тәрбиелеу арқылы рухани-адамгершілік құндылықтардың қасиеттерін меңгерту;
- татулық пен жеке тұлға аралық қатынастарды қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- құрдастарымен және ересектермен достық қарым-қатынас орната алады;
- адамгершілік, әдептілік, жолдастық, мейірімділік, адалдық, сыйластық дағдыларын меңгереді;
- үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік көрсетеді;
- табиғат мүшелеріне қамқорлық танытып, жақсылық жасай біледі.

Бағдарламаны қолдану мерзімі 2 жыл. Сағат саны – 36, аптасына 1 сағат, ұзақтығы 25-30 минут.

Тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Мен және менің әлемім!	1
2	Менің сүйікті Балабақшам	1
3	Мейірімділік әлемі	1
4	Дос болайық бәріміз	1
5	Мен әдепті баламын	1
6	Әдептілік-әдемілік	1
7	Үлкенге -құрмет, кішіге-ізет	1
8	Бәрі де татулықтан басталады	1
9	Жақсы мен жаман	1
10	Мейірімді жүрек	1
11	Жақсы көңіл күй – жан шуағы	1
12	Әдепті сөздер	1
13	Тазалықты сүйеміз	1
14	Қонақ келсе қуаныш! «Түлкі мен тырна» ертегісі	1
15	Менің жақындарым	1
16	Біз көмекшіміз	1
17	Тәртіпті бала	1
18	Желбірей бер, көк байрақ!	1
19	Игілікті істер	1
20	Ата мен әже өсиеті	1
21	Әке-асқар тау, ана-мөлдір бұлақ	1
22	Еңбек түбі-береке	1
23	Сүйікті Отаным	1
24	Мемлекеттік рәміздерді құрметтейік	1
25	Менің достарым	1
26	Денім сау болсын!	1
27	Достығымыз жарасқан	1
28	Қазақстан қалаларына саяхат	1
29	Қазақ батырлары	2
30		
31	Өмірімнің бір күні	1
32	Туған өлкем	1
33	Туған жердің табиғаты көркем.	1
34	Жаттығу-жанның тынысы	1
35	Мен әдепті баламын, айтқан тілді аламын	1
36	Сахналық қойылым	1
Барлығы:		36 сағат

Күнтізбелік тақырыптық жоспары

Реттік саны	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Мен және менің әлемім!	Балалар өзінің қоршаған әлемі туралы әңгімелей алады. Өз бойындағы жақсы қасиеттерді атайды.	1
2	Менің сүйікті балабақшам	Балабақшаның атауын, мекен-жайын, тобының атауын атай алады. Балабақшада өзін әдепті ұстау, тамақтану ережесін сипаттайды және сақтай алады.	1
3	Мейірімділік әлемі	Балалардың «Мейірімділік» ұғымының мағынасын түсіндіре алады. Адамдар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы әңгімелей отырып, нақыл сөздерді жатқа айтады.	1
4	Дос болайық бәріміз	Балалар «Дос» пен «Достық» құндылығының мағынасын түсіндіре алады. Құрдастарымен өзара сыйластық қарым – қатынасын орната алады. Е.Өтетілеуовтың «Бірлік» әңгімесінің мазмұнын түсініп, мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады.	1
5	Мен әдепті баламын	Балалар үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді біледі. Сәлемдесу мәдениетін сақтай алады. Қоғамдық орында өзін әдепті ұстау ережелерін баяндайды.	1
6	Әдептілік-әдемілік	А.Асылбековтың «Әдептілік әліппесі» өлеңін жатқа айта алады. Шығарманың мазмұнына қатысты өз пікірін ортаға салып, қамқорлық, кішіпейілділік, ізеттілік туралы әңгімелейді.	1
7	Үлкенге -құрмет, кішіге-ізет	Отбасы мүшелерін, олардың қызметін әңгімелей алады, қамқорлық танытады. Қоғамдық көліктерде үлкенге құрмет көрсетіп орын беру әдептілігін сақтай алады.	1
8	Бәрі де татулықтан басталады	Балаларға «татулық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашып айта алады. Ойын жаттығу	1

		кезінде құрбыларымен сыпайы сөйлесу, үлкендерді сыйлау әрекеттерін орындайды.	
9	Жақсы мен жаман	Жақсы мен жаман іс-әрекеттерді ажырата біледі. «Жақсылыққа-жақсылық» нақыл сөзінің мағынасын түсіндіре алады.	1
10	Мейірімді жүрек	Жалпыадамзаттық құндылықтарды атай алады. Айналасындағы адамдарға жүректегі сүйіспеншілігін айтып жеткізе алады.	1
11	Жақсы көңіл күй – жан шуағы	Жағымды, жағымсыз эмоцияларды ажырата алады. Сезім-күйі және ішкі сезімдерін басқара алады.	1
12	Әдепті сөздер	Балалар байланыстырып сөйлеуде әдепті сәлемдесу, алғыс айту, өтініш, кешірім сұрау сөздерін дұрыс қолдана арлады. Түрлі суреттердің көмегімен әдептілік ережелерін құрастырады.	1
13	Тазалықты сүйеміз	Салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулығына күтім жасай алады. Дене мүшелерін тазалауға қажетті құралдарын қолдану ерекшеліктерін ажырата алады. (тіс щеткасы, су сабын т.б) А.Меңжанованың «Болайықшы осындай өлеңін жатқа айта алады.	1
14	Қонақ келсе қуаныш! «Түлкі мен тырна» ертегісі	Қазақ халқының өткен өмірінде тұрмыстық жағдайына байланысты қалыптасқан қонақжайлылық дәстүрін әңгімелей алады. Үйге келген адамды жылы шыраймен қарсы алып, жылы шығарып салу әдебінің ерекшеліктерін суретке қарап сипаттайды. «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлердің әрекетіне баға бере алады.	1
15	Менің жақындарым	Балаларды жақын туысқандары туралы әңгімелейді. Туыстық қатынас атауларын ажырата алады. (әпке, аға, қарындас, немере, нағашы, жиен, бөле т.б)	1

16	Біз көмекшіміз	Т.Әбдірайымның «Қолғанат» әңгімесін желісін сақтай отырып мазмұнын айта алады. Адамдарға көмектескен іс-әрекеттерінен мысал келтіріп, баяндай алады.	1
17	Тәртіпті бала	Балалар көше тәртібін сақтай алады. Саябақта, демалыс орындарында тәртіп сақтап, таюиғатты ластамай тазалық шараларын ұстануды әңгімелей алады.	1
18	Желбірей бер, көк байрақ!	Еліміздің туын сипаттайды, байланыстырып сөйлеуге үйрету, туған жер туралы мақал-мәтелдерді жатқа айта алады.	1
19	Игілікті істер	Балалар адамдардың игі іс-әрекеті адамгершілік құнды қасиеттердің бірі екенін түсіндіре алады. Құстарға, жануарларға қандай қамқорлық жасағандарын баяндай алады.	1
20	Ата мен әже өсиеті	Отбасындағы қадірлі де құрметті атасы мен әжелері туралы шағын әңгіме құрастырып айта алады. Оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін әңгімелейді.	1
21	Әке-асқар тау, ана-мөлдір бұлақ	Сыпайы сөйлеуде өнер, әдептілік, әдемілік не екенін түсіндіре алады. Ата-ананың айтқан жақсы сөздер адам жанына қандай жылулық әкелетінін әңгімелейді.	1
22	Еңбек түбі-береке	Ересектердің еңбегін бағалай алады. Отбасындағы еңбек әрекеттерін сипаттайды.	1
23	Сүйікті Отаным	Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін сурет арқылы қағаз бетіне түсіре алады. «Отан» туралы өлең жолдарын жатқа айта алады.	1
24	Мемлекеттік рәміздерді құрметтейік	Балаларды мемлекеттік рәміздердің авторын атайды. Рәміздерде бейнеленген элементтердің мағынасын түсіндіре алады. Рәміздерге құрмет көрсету әрекеттерін сипаттайды.	1

25	Менің достарым	Балалар бір-бірімен тату достық қарым-қатынас орната алады. Әдепті сөздерді сөздік қорында қолданады.	1
26	Денім сау болсын!	Балаларды салауатты өмір салтымен таныстырып, сөздік қорларын молайту, тіл мәдениетін жетілдіру, дене тәрбиесі туралы өлең, тақпақтар, нақыл сөздер арқылы тіл байлықтарын арттыру	1
27	Достығымыз жарасқан	Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерін атайды, ажырата алады. Достықтың тірегі болған Отанымыздың көп ұлттылығын, ұлттар ынтымақтастығын әңгімелей алады.	1
28	Қазақстан қалаларына саяхат	Қазақстанның орталық қалаларын атайды. Көрікті жерлерін, ерекшеліктерін сипаттап әңгімелейді.	1
29 30	Қазақ батырлары	Балалар қазақ батырларын атайды. Батырлардың жасаған ерліктерін қайсарлығын, өжеттілігін әңгімелейді. Батырлардың құрал саймандарын ажырата алады.	2
31	Өмірімнің бір күні	Балалардың өздерінің күн тәртібін әңгімелей біледі. Өмірінің бір күнінде айналасындағыларға әдептілік таныту ережелерін атайды.	1
32	Туған өлкем	Балалар өз қаласының көрікті жерлерін атай. Қоғамдық орындарда әдептілік ережелерін, тазалық шараларын ұстанады. Байланыстырып сөйлеуде зат есім, сын есімді дұрыс қолдана алады.	1
33	Туған жердің табиғаты көркем.	Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Табиғаттың өзіне сыйлағын жылуын, жарығын, жақсылығын жақындарымен бөлісу керектігін түсініп, әңгімелей алады.	1
34	Жаттығу-жанның тынысы	Балалар ойын іс-әрекеті барысында тыныс алу, жалпы дамытушы жаттығуларын дұрыс орындап, өз денсаулығына күтім жасайды.	1

35	Мен әдепті баламын, айтқан тілді аламын	Балалар әдептілікке ережесін ұстанады. Үйде ата-аналарына көмек көрсету, қол ұшын созу іс-әрекеттерін қалай орындағанын айтып баяндайды.	1
36	Сахналық қойылым	Әдептілік ұстанымдарын рөлдерге бөліп бейнелей алады. Жалпыадамзаттық құндылықтарының мағыналарын ашып сипаттама бере алады.	1
Барлығы:		36 сағат	

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Негізгі әдебиеттер:

- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу тәрбие үрдісіне «әдептілік» туралы сабақ енгізу әдістемелік нұсқаулығын», («Бөбек» Алматы, 2010ж.
- «Балбөбек» бағдарламасы бойынша педагогикалық жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері, Әдістемелік құрал, Алматы «Арда», 2006 ж.
- «Қайнар» мектепке дейінгі балаларды балабақша жағдайында оқыту, тәрбиелеу және дамыту бағдарламасы, Алматы, «Арда» 2006 ж.
- М. Сәтімбекова, Ә. Әмірова «Сәбилердің сезімін тәрбиелеу», «Алматы» 2013 ж.
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Кел, балалар ойнайық», Тіл комитеті, «Арда» 2006 ж.
- Е. Өтетілеу, «Жаттамақ», «Алматыкітап» 2013 ж.
- «Бөбектерге байғазы» хрестоматиясы, Алматыкітап, 2012 ж.
- Тіл дамыту, Дидактикалық ойындар, «Алматыкітап», 2006 ж.

2. Қосымша әдебиеттер:

- «Отбасы және балабақша» журналы, №5 2005 ж.
- «Бала мен балабақша» журналы, №3, 2010 ж.
- «Балапан бағы» журналы, №7, 2010 ж.
- «Тіл дамытудың ғажайып әлемі», «Аруна» 2002ж.
- Көркем әдебиет, «Алматыкітап», 2006 ж.
- Қ. Толыбаев «Аруна» баспасы, «Қазақ ертегілері» 2010 ж.
- М. Жаманбалинов, «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» «Алматы», 2010 ж.